

Әкімдіктің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 231 "Техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 365 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 қыркүйекте № 5888 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына, 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 231 "Техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5726 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 шілдеде, 21 шілдеде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын оқытудың күндізгі нысаны бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысындағы реттік нөмірі 18-жол жаңа редакцияда жазылсын:

18	0506000 Шаштараз өнері және сәндік косметика	0506012 Шаштараз - модельер	25	10 ай	546
----	---	--------------------------------	----	-------	-----

реттік нөмірі 50-жол жаңа редакцияда жазылсын:

50	1211000 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	1211032 Тігінші	15	10 ай	253,0
		1211062 Арнайы тігінші	6	1 жыл 10 ай	505,0
		1211062 Арнайы тігінші	25	2 жыл 10 ай	505,0

	1 2 1 1 0 7 2 Модельер - пішуші	50	2 жыл 10 ай	460,0
--	------------------------------------	----	-------------	-------

" ;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оқытудың күндізгі нысаны бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысындағы реттік нөмірі 10-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

10	0 5 0 6 0 0 0 Шаштараз өнері және сәндік косметика	0 5 0 6 0 1 2 Шаштараз - модельер	25	10 ай	546
----	---	--------------------------------------	----	-------	-----

" .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Н. Садуақасов